

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Күрішбаев

2024 ж.

**Білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету туралы
ЕРЕЖЕ**

Е ҚазҰАЗУ БӘҚК - 404

Келісілді

Сапа бойынша басшылық өкілі

М. Алексеева

Алматы, 2024

Дайындағандар:

П. Ибрагимов, Ж.Базарбаева, А. Ералиева, А.Сманов

Осы Ереже білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындайды.

Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Университет білім алушыларын әлеуметтік қолдау түрлері	4
3. Жетім балалар қатарындағы білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету	4
4. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету	4
5. Студенттік жатақханаларда тұру.....	4
6. Әлеуметтік көмек көрсету.....	5
7. Жеңілдіктер беруді ұйымдастыру және тәртібі.....	5
8. Жеңілдікті санаттарды растау үшін құжаттар тізбесі	6
9. Әлеуметтік қолдау көрсетуді тоқтату	6
10. Қорытынды ережелер	6

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Университет) сәйкес әзірленген және университет білім алушыларына әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже білім алушыларға әлеуметтік көрсету тәртібі мен рәсімін айқындау мақсатында университетте және оның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі пайдалануға арналған.

2. УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ТҮРЛЕРІ

- осы Ереженің 3 бөлімінде көрсетілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;

- медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету;

- әлеуметтік көмек көрсету.

3. ЖЕТІМ БАЛАЛАР ҚАТАРЫНДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ТАМАҚПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Күндізгі оқу нысанындағы білім алушыларды әлеуметтік қолдау мақсатында мемлекеттік тапсырыс (бакалавриат) бойынша оқитын:

- жетім білім алушыларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға - бір күндік ыстық тамақтың орнына олардың шотына аудару жолымен күнделікті ақшалай өтемақы; жылына бір рет киімге ақшалай өтемақы;

- мүгедек білім алушыларға, туберкулез дертіне шалдыққан білім алушыларға - бір реттік ыстық тамақтың орнына олардың шотына аудару жолымен күнделікті ақшалай өтемақы тағайындалады.

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Білім алушыларға университеттің медициналық пункті базасында алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі және бірінші кезекте қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі.

5. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАРДА ТҮРУ

5.1 Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына; бірінші немесе екінші топтағы мүгедек адамдарға, бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға университетте оқу кезеңінде жатақханаларда тұрғаны үшін шығыстарды жылына 2023 жылғы 1

қаңтардағы жарғы бойынша белгіленген жиырма тоғыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде өтейді, оқу жылында.

5.2 Жазғы кезеңде студенттік еңбек жасақтарында (ССО, "Жасыл ел" МТО) жұмыс істейтін білім алушылар студенттік жатақханаларда тегін тұрады.

6. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

6.1 Университет білім алушыларға мынадай әлеуметтік қолдау көрсетеді:

- жалпы университеттік мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізудің жоғары деңгейі үшін белсенді білім алушыларға сыйақы беру;
- «Ыстықкөл» жағалауындағы спорттық-сауықтыру лагеріне, жазғы жастар лагерлеріне және т. б. жеңілдікпен жолдамалар беру;
- театрларға, концерттерге және т. б. тегін билеттерді ұсыну.

7. ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

7.1 Әлеуметтік қолдау алуға үміткер білім алушы факультет/жоғары мектеп деканатына өтініш береді. Өтінішке тиісті құжаттар (осы Ереженің 8-бөлімінде көрсетілген) толық тіркеліп, себебі баяндалуы тиіс. Факультет/жоғары мектеп деканы тексергеннен кейін білім алушы құжаттарын университеттің Тәрбие жұмыстары жөніндегі департаментіне тапсырады.

7.2 Әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешім университеттің Басқарма отырысында білім алушының жеке өтініші негізінде Тәрбие жұмыстары жөніндегі департаментінің ұсынысы бойынша қабылданады.

7.3 Ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш жазған білім алушы жауапты болады.

7.4 Университеттің Тәрбие жұмыстары жөніндегі департаменті өтініштің негізділігін және ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы.

7.5 Университеттің тәрбие жұмыстары жөніндегі департаменті әлеуметтік қолдау тағайындау үшін негіздерді растайтын құжаттарсыз ұсынылған өтініштерді қабылдамауға құқылы. Өтінішке декан, тәрбие жұмыстары жөніндегі департаментінің директоры, жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі, университет заңгері визаларын қояды.

7.6 Әлеуметтік қолдау көрсетуден бас тарту туралы шешім мынадай негіздердің бірі бойынша қабылдануы мүмкін:

- Ереженің 8 бөлімінде көрсетілген құжаттардың толық ұсынылмауы;
- білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесін шешудегі қосымша фактор оқудағы және қоғамдық жұмыстағы жетістіктері мен жеке жетістіктері болып табылады;
- студенттерге академиялық қарыздар болмаған кезде әлеуметтік қолдау көрсетіледі;
- әлеуметтік қолдау көрсету немесе одан бас тарту туралы шешімді университет Басқармасы қабылдайды.

7.7 Құжаттарды қабылдау және қарау оқу жылында 2 рет (10 қыркүйек пен 10 қаңтарға дейін) жүзеге асырылады.

7.8 Әлеуметтік қолдауды тағайындау университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен жүргізіледі.

8. ЖЕҢІЛДІКТІ САНАТТАРДЫ РАСТАУ ҮШІН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

- Басқарма төрағасы - Ректордың атына өтініш;

- жеке куәліктің көшірмесі;

- ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі, қорғаншылық туралы соттың шешімі (балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін немесе асырап алынғанын растайтын құжат) және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәртебесін растайтын басқа да құжаттар;

- тұрғылықты жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі берген білім алушылардың немесе екі ата-ананың мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі;

- оқу орнынан анықтама;

- некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (егер ата-анасы ажырасқан жағдайда);

- білім алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі;

- «Д» есебінде тұрғандығы туралы анықтама (созылмалы аурулары бар диспансерлік есептегі білім алушылар үшін).

9. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ТОҚТАТУ

9.1 Әлеуметтік қолдау көрсету мына жағдайларда тоқтатылады:

- білім алушы университеттен шығарылған жағдайда, оқудан шығарылу себептері қаралмайды. Бұл жағдайда факультет/жоғары мектеп деканаты тәрбие жұмыстары жөніндегі департаментке бұйрық шыққан сәттен бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей хабарлауға (білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынуға) тиіс.

- білім алушы қайтыс болған жағдайда;

- оқу бітіргеннен кейін бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1 Осы Ережені, сондай-ақ оған барлық өзгерістер мен толықтыруларды университеттің тәрбие жұмыстары жөніндегі департаментінің пікірін ескере отырып, университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді және Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.